

дүниетанымның қысқа да нық айтылған философиялық қорытындысы. Адам жеті атасын білу арқылы өзінің қоғамдағы орнын, әулетінің тарихын, ата-бабасының мінездік және рухани қасиеттерін танып, сол құндылықтарды өз бойында сақтауға міндеттелген. Ал «жеті ғасыр тарихын білмеген - ел жетесіз» деген тұжырым ұлттық тарихтың маңызын ерекше дәрежеге көтереді. Қазақ халқы тарихын тек оқиға ретінде емес, ұлтты сақтап тұрған рухани кеңістік ретінде қабылдаған. Тарихын білмеу - тамырсыздыққа, ал тамырсыз халық - әлсіздікке ұшырайтынын және болашағы бұлыңғыр болатындығын ертеден-ақ терең түсінген. Сондықтан тарихи жадының үзілуі елдік бірлікке, рухани тұрақтылыққа, мәдени тұтастыққа тікелей қауіп төндіретін фактор ретінде бағаланған.

Жеті ата мен жеті ғасыр ұғымдарының бір-бірімен сабақтасуы - қазақ дүниетанымындағы ерекше философиялық жүйені көрсетеді. Жеке адамның текті білуі оның рухани тамырын айқындаса, халықтың тарихын білу - ұлттың болашаққа бағытталған рухани әлеуетін анықтайды. Бұл екі өлшем біріге отырып, қазақ қоғамының мәдени иммунитетін, рухани беріктігін, тарихи өзіндік болмысын қалыптастырған. Қазақ мақал-мәтелдері - қазақ халқының ғасырлар бойы жиналған тәжірибесін, тарихи сабақтастықты, ұлттық тәрбиені, рухани нормаларды бойына жинақтаған мәдени код. Олардың мағынасын терең зерттеу маңызды. «Жеті атасын білмеген - жетесіз» деген бағалау адамның өз тегін неше атаға дейін жатқа білуімен ғана өлшенбейді; ол ең алдымен адамның рухани деңгейіне, тарихи жадына, мәдени жауапкершілігіне қатысты айтылған моральдық шешім. Яғни, адамның жеті атасының есімдерімен қатар олардың кім болғаны және қалай өмір сүргендері туралы білуі - құнды. Тіпті, ақпараттық кеңістіктің кеңеюі мен жаһандық ықпалдардың күшеюі жағдайында ата-текті білу, тарихи сананы сақтау, ұлттық рухани кодты жоғалтпау - бұрынғыдан да маңызды бола түсті. Осылайша, «Жеті атасын білмеген - ұл жетесіз, жеті ғасыр тарихын білмеген - ел жетесіз» мақалы қазақ халқының дүниетанымын, рухани құндылықтарын, тәрбиелік қағидаларын және тарихи философиясын толық сипаттайтын әмбебап ұстаным ретінде бүгінгі күнге дейін өзінің ғылыми, мәдени және әлеуметтік маңызын сақтап отыр.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Радлов В.В. Образцы народной литературы северных тюркских племен. - Санкт-Петербург: Императорской Академия Наук, 1896. - 527 с.
2. Ж. К. Укеев. Қазақ шежіресінің жазылу тарихы және деректік құндылығы. URL: <https://e-history.kz/kz/amp/history-of-kazakhstan/show/8606>
3. Юзефович Б. О быте киргизов Тургайской области // Русский вестник. - СПб, 1880. - Т. 146. С. 798-832.
4. Су Бэйхай. Қазақ ұлттық мәдениетінің тарихы. Үрімжі, 1989. - 555 б.
5. Бөкейханов Ә. Шығармалар.- Алматы: Қазақстан, 1994.- 384 б
6. Алпысбес М.А. Қазақ шежіресі. - Астана: «BG-Print» ЖК, 2013. - 380 б.
7. Тынышбайұлы М. Орта жүздің шежіресі // Атамекен. 2002. 28 11.

### **АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ ОНОМАСТИКАСЫ**

**Сагнаева А.А**

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD - Молдахмет А. А.

Астана халықаралық университеті

Электронды адресі: [sagnaevaaruzan08@gmail.com](mailto:sagnaevaaruzan08@gmail.com)

Астана.қ

Аңдатпа

Бұл мақалада Ақмола облысының ономастикасын зерттеу мен аймақтың тарихи топонимдерін қалпына келтіру мәселелері қарастырылды. Өңірдегі жер атауларының өзгеруі мен олардың тарихи негіздерін анықтаудың мемлекеттік тіл саясатын іске асырудағы және ұлттық мәдениетті сақтаудағы мәні талданды. Ақмола облысы аумағында көптеген көне атаулар топографиялық карталар мен тарихи құжаттарда ғана сақталғаны көрсетіліп, оларды жинақтау және ресми түрде бекіту қажеттілігі негізделді. Топонимдерді картаға түсіру әдісі аймақтың ономастикалық кеңістігін қалпына келтіруге, атаулардың таралу заңдылықтарын анықтауға және тарихи атаулар жүйесінің даму кезеңдерін көрсетуде тиімді құрал екені атап өтілді. Қазіргі геоақпараттық технологиялар Ақмола облысының топонимиясын зерттеуді жаңа деңгейге көтеріп, жоғалған атауларды қайта жаңғыртуға мүмкіндік беретіні де көрсетілді.

Кілт сөздер: Ақмола, топонимия, архив, картографиялық деректер, қоныс аудару, тарихи атаулар, ГАЖ технологиялары, қазақ қоныстары, атаулардың өзгеруі, ономастика.

#### Аннотация

В данной статье рассмотрены вопросы изучения ономастики Акмолинской области и восстановления исторических топонимов региона. Проанализировано значение изменений географических названий и выявления их исторической основы в реализации государственной языковой политики и сохранении национальной культуры. Показано, что многие древние названия на территории Акмолинской области сохранились лишь в топографических картах и исторических документах, что обосновывает необходимость их систематизации и официального утверждения. Метод картографирования топонимов отмечен как эффективный инструмент для восстановления ономастического пространства региона, определения закономерностей распространения названий и отражения этапов развития системы исторических топонимов. Также показано, что современные геоинформационные технологии выводят исследование топонимии Акмолинской области на новый уровень и позволяют возродить утраченные названия.

Ключевые слова: Ақмола, топонимия, архив, картографические данные, переселение, исторические названия, ГИС-технологии, казахские поселения, изменение названий, ономастика.

#### Abstract

This article examines the study of the onomastics of the Akmola region and the issues related to the restoration of the region's historical toponyms. The significance of changes in geographical names and the identification of their historical origins in the implementation of state language policy and the preservation of national culture is analyzed. It is shown that many ancient place names within the Akmola region have been preserved only in topographic maps and historical documents, which substantiates the need for their systematization and official recognition. The method of mapping toponyms is highlighted as an effective tool for reconstructing the onomastic landscape of the region, identifying patterns in the distribution of names, and illustrating the stages of development of historical toponymic systems. It is also demonstrated that modern geoinformation technologies elevate the study of Akmola region toponymy to a new level and enable the revival of lost place names.

Keywords: Akmola, toponymy, archive, cartographic data, resettlement, historical names, GIS technologies, Kazakh settlements, name changes, onomastics.

#### Кіріспе

Ақмола облысының топонимиялық кеңістігі тарихи, этномәдени және саяси өзгерістермен тығыз байланысты күрделі құбылыс болып табылады. «Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы» ММ ұсынған мәліметтер ойконимдердің бұл аймақтағы географиялық атаулардың ең үлкен сандық тобын құрайтынын көрсетеді. Жалпы 592 ойконим тіркелген, оның ішінде қазақ тіліндегі атаулар - 352 (59,5%), ал орыс тіліндегі атаулар - 240 (40,5%). Соңғы жылдары елді мекен атауларын тарихи-мәдени негізде қайта қарау, бұрмаланған атауларды түзеу, ұлттық ономастикаға тән ерекшеліктерді қалпына келтіру бағытында жүйелі жұмыстар жүруде. Бұл процесте Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Республикалық ономастикалық комиссия ерекше рөл атқарады. Комиссия тарихи негіздері бар атауларды қалпына келтіруде тіл мамандары, топонимистер және тарихшыларды тарта отырып, өңірлік топонимиядағы өзгерістерді ғылыми негізде жүзеге асырып келеді. Мысалы, Малотимофеевка - Аққайың, Красноярка - Жарлықөл болып өзгертілуі топонимиялық саясаттың ономастикалық санаға ықпал етіп, қоғамда ұлттық атауларды тану деңгейін арттырғанын көрсетеді. Ақмола облысының тарихи топонимиясын зерттеуде архив деректерінің маңызы зор. ҚР Орталық мемлекеттік архивіндегі (ҚР ОМА) және Омбы облыстық тарихи архивіндегі (ОМТА) картографиялық материалдар XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басындағы қоныс аудару қозғалысының кеңістіктегі көрінісін анықтауға мүмкіндік береді. 1766-1917 жылдар аралығындағы картографиялық құжаттарда қазақ жерлеріне келген қоныстанушылардың жаңа елді мекендерге өз атауларын енгізуі айқын байқалады. Мысалы, қазіргі Целиноград ауданының Приречное селосы тарихи құжаттарда Тұмсық ретінде, Ақкөл ауданындағы Қарасай ауылы Степок ретінде тіркелген. Осы тарихи материалдар XIX-XX ғасырлардағы қоныс аудару саясатының Ақмола өңіріндегі топонимиялық жүйеге терең ықпал еткенін дәлелдейді. Жаңа қоныстардың пайда болуы, қазақ атауларының өзгертілуі, жаңа атаулардың енгізілуі - топонимиялық қабаттың көпқабатты және күрделі болуына себеп болды. Көшпелі өмір салтын ұстанған қазақ халқы табиғи-географиялық ерекшеліктерге сүйене отырып атау берген болса, қоныс аударушылар бұл жүйеге жаңа идеологиялық және мәдени мазмұн қосты

#### Зерттеу әдістері мен материалдары

Зерттеу жұмысының негізгі дереккөздері ретінде ҚР Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА) мен Омбы облыстық тарихи архивіндегі (ОМТА) құжаттар пайдаланылды. Бұл екі архивте XIX

ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Ақмола уезінің аумағына қатысты карталар, қоныс аудару учаскелеріне арналған есептер, агрономиялық бөлімдердің жылдық қорытындылары сияқты аса құнды материалдар сақталған. 1766-1917 жылдар аралығына жататын картографиялық деректер қоныс аудару үдерістерін, көші-қон толқындарының өңір топонимиясына ықпалын, сондай-ақ жаңа атаулардың қалыптасу механизмдерін анықтауда маңызды негіз болды. Зерттеу барысында тарихи-картографиялық материалдар мұқият талданып, елді мекендердің орналасу динамикасы, олардың атауларындағы өзгерістер, қоныс аударушылар негізін қалаған ауылдар мен бұрынғы қазақ қоныстарының арақатынасы салыстырылды. Осы талдаулардың нәтижесінде Қашқар, Қызылжар, Дауылбай, Жалғызбағаш секілді қазақ қоныстарының орнына Ксеньевское, Поречное, Ильинское сияқты жаңа атаулардың енгізілгені анықталды. Сонымен бірге архивтегі 1913 жылғы агрономиялық есептерде көрсетілген Маңдай - Трофимовское, Қоянды - Сарепта, Теректі - Переяславский секілді атаулар жұптары тарихи атаулардың өзгеру логикасын ашып, бұрынғы топонимдердің нақты орналасқан жерін дәл анықтауға мүмкіндік берді. Қазіргі заманғы геоақпараттық технологияларды қолдану тарихи және қазіргі карталарды қабаттастырып қарастыруға жол ашып, топонимдердің кеңістіктік өзгерістерін, олардың жойылу, трансформациялану немесе сақталу үдерістерін көзбен көруге мүмкіндік берді әрі талдаудың дәлдігін айтарлықтай арттырды. Лингвистикалық талдау нәтижесінде қазақша атаулардың табиғи ортаны бейнелеуге бағытталғандығы, ал орысша атаулардың идеологиялық немесе антропонимдік сипатта жиі кездесетіні анықталды. Осы тәсілдердің барлығы Ақмола өңірінің тарихи топонимиясын қалпына келтіруде кешенді ғылыми негіз қалыптастырды.

#### Талқылау

Ақмола облысының топонимиялық кеңістігіне қоныс аудару саясатының әсері айқын әрі көпқырлы. XIX ғасырдың соңында басталған қоныс аудару қозғалысы аймақтың демографиялық, шаруашылық және топонимиялық құрылымын түбегейлі өзгертті. Архив деректері көрсеткендей, 1890-1900 жылдары қазақ ауылдарының орнына жаңа орыс елді мекендері салына бастаған. Мысалы, Қашқар қонысында - Ксеньевское, Қызылжарда - Поречное, Жалғызбағашта - Ильинское, Карамолада - Приозёрное сияқты жаңа атаулар пайда болды. Бұл өзгерістер тек жаңа атауларды енгізу ғана емес, аймақтың тарихи жадын трансформациялау процесі болды. Бурабай ауданына қарасты Арықбалықтың Успеноюрьевка, Жанпейістің Дмитриевка ретінде өзгертілуі сияқты фактілер кеңінен таралған. Сонымен қатар, пошта бекеттері мен жол бойында орналасқан ауылдар да жаңа атауларға ие болды: Байжігіт - Ново-Александровское, Амантай - Маринское, Қараоба - Таволжанское, Шаншар - НовоЧеркаское және т.б. Көптеген қазақ жер-су атаулары әкімшілік-аумақтық өзгерістер барысында біртіндеп ығыстырылып, жаңа атаулармен алмастырылды. Қоныс аудару саясатының басты ерекшелігі - жаңа ауылдардың жүйелі түрде жоспарланып салынуы. 1913 жылғы агрономиялық есептерде көрсетілгендей, Переяславский, Новоузенский, Миновский сияқты елді мекендер белгілі бір географиялық нүктелерге орналастырылған. Әр қоныстанушының жер көлемі, егістік пен шабындықтың мөлшері нақты есептелген. Бұл әкімшілік жоспарлаудың топонимиялық кеңістікке әсер еткенін дәлелдейді. Көшпелі қазақ халқы үшін жер атауларының табиғатпен тығыз байланыста болуы - ұлттық ономастиканың басты ерекшелігі. Мысалы, Қояндыкөл, Жалтыркөл, Жыланды, Қарағайлысай атаулары табиғи нысанның ерекшеліктерін дәл сипаттайды. Ал жаңа қоныстанушылар бұл жерлерге өздерімен бірге мәдени-діни, антропонимдік немесе славяндық сипаттағы атауларды енгізді: Новоникольск, Новосёловка, Михаиловка, Отрадное, Никольское және т.б. Кейбір тарихи атаулар толық жоғалып кетпей, халық жадында сақталған. Мысалы, Новорыбинка - Шортанкөл, Никольск Талқы - Жарлыкөл атауларының бастапқы нұсқасы жергілікті тұрғындар арасында қолданылып отырған. Бұл - тарихи атауларды қалпына келтірудің бүгінгі күнде ғылыми және қоғамдық маңызы бар екенін дәлелдейді. Заманауи ГАЖ технологиялары топонимиялық процестерді талдауды жаңа деңгейге шығарды. Тарихи карталарды қазіргі карталармен қабаттастыру арқылы жоғалған, бұрмаланған немесе ауыстырылған атауларды анықтау мүмкін болды. Бұл әдіс топонимиялық қордың нақты күйін анықтауға, қай атаулардың қалпына келтірілуі қажет екенін белгілеуге көмектеседі. Сонымен қатар, қазіргі ономастикалық саясатта жасанды атауларды қысқарту, тарихи атауларды қайтару, ұлттық мәдениетті нығайту бағытында кең көлемді жұмыстар жүргізілуде.

Талқылау барысында анықталғандай, Ақмола облысындағы топонимиялық өзгерістер халықтың этникалық құрамымен, қоныс аудару ауқымымен және тарихи кезеңдердің саяси талаптарымен тығыз байланысты. Қазақ ономастикасының табиғи-географиялық жүйесі бірнеше кезеңде трансформацияға ұшырап, бүгінгі күрделі көпқабатты топонимиялық кеңістікті қалыптастырды.

## Нәтиже

Зерттеу нәтижелері Ақмола облысының топонимиялық жүйесі тарихи өзгерістердің ықпалымен қалыптасқанын көрсетті. XIX-XX ғасырлардағы қоныс аудару саясаты жергілікті атаулардың өзгеруіне, жаңа елді мекендердің пайда болуына, ұлттық топонимияның бұрмалануына себеп болған. Архив құжаттары, тарихи карталар мен агрономиялық есептер қазақ атауларының бастапқы нұсқаларын қалпына келтіруде маңызды рөл атқарды. Зерттеу барысында анықталған мәліметтер Ақмола облысының көптеген елді мекендерінің бастапқы атауларының орны басқа атаулармен алмастырылғанын дәлелдейді. Мысалы, Тұмсық - Приречное, Шортанкөл - Новорыбинка, Арықбалық - Успенюрьевка, Жарлықөл - Никольское, Қарасай - Степок сияқты мысалдар тарихи атауларды қалпына келтірудің маңызын арттырады. Бұл процесте ГАЖ технологиялары, картографиялық талдау және тарихи деректерді салыстыру әдістері жоғары тиімділік көрсетті. Сонымен қатар, қазіргі ономастикалық саясатта қауымның тарихи санасын, ұлттық рухани құндылықтарды сақтау мақсатында қазақша атауларды қалпына келтіру басым бағыттардың бірі болып отыр. Атауларды ұлттық мәдени кодтың бір бөлігі ретінде қарастыру ғылыми және әлеуметтік тұрғыдан маңызды. Тарихи атаулардың қайтарылуы аймақтың этникалық және мәдени болмысын сақтауға ықпал етеді. Жалпы нәтижелер Ақмола облысының топонимиялық кеңістігіне қатысты зерттеулердің әлі де жалғасуы қажет екенін көрсетеді. Тарихи атауларды жүйелеу, олардың семантикасын анықтау, картографиялық құжаттармен салыстыру - болашақта ұлттық ономастиканың ғылыми негіздерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

## Қорытынды

Зерттеу нәтижелері Ақмола облысының топонимиялық кеңістігі ұзақ тарихи кезеңдердегі саяси, әлеуметтік және этнодемографиялық өзгерістердің ықпалымен қалыптасқанын айқын көрсетті. Аймақтың топонимиясында қазақ және орыс тіліндегі атаулардың арақатынасы, олардың тарихи негіздері мен өзгеру процестері өңір тарихының күрделі көпқабатты сипатын ашып берді. «Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы» деректеріне сүйенсек, өңірде 592 ойконим тіркеліп, оның 59,5 пайызы қазақша, 40,5 пайызы орысша атаулар екені анықталды. Бұл сандық арақатынас қоныс аудару тарихының, әкімшілік жоспарлаудың және кеңестік кезеңнің топонимиялық кеңістікке тигізген ықпалын нақты дәлелдейді. Архив материалдарына жасалған талдау XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қоныс аудару саясаты жаңа елді мекендер құрылуына, олардың басым бөлігіне орысша атаулардың берілуіне алып келгенін көрсетті. Қазақ қоныстарының орнына Ксеневское, Поречное, Ильинское, Приозёрное сияқты атаулар енгізіліп, бастапқы атаулар тек жергілікті халықтың жадында сақталып қалған. Сонымен қатар, Арықбалық - Успенюрьевка, Жанпейіс - Дмитриевка, Қояндыкөл - Новоникольск сияқты мысалдар тарихи атаулардың жүйелі түрде алмастырылғанын дәлелдейді. Бұл процестің барлығы сол кезеңдегі тарихи-әлеуметтік жағдайлармен, әкімшілік талаптармен және қоныстандыру саясатының мақсаттарымен тығыз байланысты болған. Қазіргі кезеңде тарихи атауларды қалпына келтіру мәселесі мемлекеттік деңгейде өзекті болып отыр. Топонимиялық кеңістікті ұлттық тарихи жадтың бір бөлігі ретінде қарастыру тарихи атауларды қайта жаңғыртудың маңызын арттыра түседі. ГАЖ технологиялары, картографиялық деректер мен архив материалдарын салыстыру әдістері тарихи атауларды анықтауда сенімді құрал ретінде қолданылуда. Бұл зерттеулер жасанды атауларды қысқарту, бұрмаланған атауларды түзету және ұлттық ономастикалық қорды жүйелеу бағытында нақты нәтижелер беріп келеді.

Жалпы алғанда, Ақмола облысының топонимиясы тарихи мұраның маңызды құрамдас бөлігі ретінде аймақтың этникалық және мәдени болмысын айқындауға қызмет етеді. Сондықтан жергілікті атауларды зерттеу, сақтау және қалпына келтіру жұмыстары болашақта да жалғасуы тиіс.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ирина Бекзатқызы. Ойконимическая система Акмолинской области: формирование и современное состояние. 2024. 236.
2. Г. Бекенова. Ономастикалық хабаршы. 2022. 1226.
3. Маканова. 2004 - Маканова. А. У. Природные основы номинации географических объектов. Акмолинской области. Алматы. 2004. 1566.
4. Каталог. 2002 - Каталог географических названий Казахстана. Т. 1. Акмолинская область. Алматы. 2002. 2046.